

Бұйрық № 157  
«04» 10 2022ж.

### Оқушылардың тамақтануы туралы

Мектеп оқушыларына тамақтануды ұйымдастыру туралы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №949 қаулысына қосымшасы бойынша және Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бап, 11 тармақшасының, 45 бап 3,4 тармақшаларының, 48-баптың және 2015 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілерді, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 01.09.2022 жылдан бастап 1-11 сынып оқушыларына ыстық тамақ ұйымдастырылсын.
2. Мектеп асханасының жұмыс уақытының кестесі бекітілсін (1-қосымша).
3. Мектеп асханасында сынып оқушылары мен кезекші мұғалімдерден кезекшілік кестесі бекітілсін (2-қосымша).
4. Жергілікті бюджетпен оқушыға тегін тамақтану тізімі бекітіліп, осы оқушылардың тамақтануын бақылау әлеуметтік педагог Г.Я. Аубакироваға жүктелсін.
5. Әлеуметтік педагогтар қамтамасыз етеді:
  - 5.1. Жергілікті бюджет пен демеушілік есебінен тегін тамақтанатын оқушылардың тамақтануын күнделікті бақылау.
  - 5.2. Жергілікті бюджет есебінен тегін тамақтанатын оқушыларға тамақтануды ұйымдастыруға жұмсалған шығын туралы ақпаратты АББ-нің бухгалтерия бөліміне уақытылы ұсыну.
6. Мектеп медбикесі А.Т.Кабыкеева қамтамасыз етуге міндетті:
  - 6.1. 1-11 сынып оқушыларын сапалы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз ету мониторинг бойынша бракержды комиссия құрылсын;
  - 6.2. Мектеп оқушыларын тамақтануды ұйымдастырылуын және ас блогының санитарлық жағдайының санитарлық ережеге сәйкес болуын үнемі бақылау;

- 6.3. Инфекциялық аурулар таралуының алдын алу мақсатында ас блогы қызметкерлерін күнделікті медициналық бақылау;
- 6.4. Азық-түлік пен шикізаттардың қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжаттардың толық болуын қадағалау;
- 6.5. Санитарлық ереженің 24,25 қосымшасына сәйкес құжаттама жүргізу;
- 6.6. Әр ай сайын санитарлық-эпидемиологиялық экспертиза аудандық орталығында шикі және дайын азық өнімдерінс бақылау жүргізу;
- 6.7. Тағамның сапасын, нормасын, рецептурасы мен дайындалу технологиясын бақылау.
7. Мектеп асханасын жалға алушы қамтамасыз етуге міндетті:
  - 7.1. 2-4 апталық перспективті мәзірді әзірлеу және бекіту;
  - 7.2. Дайын өнімнен күнделікті тәуліктік сынама дайындау;
  - 7.3. Тамақты ас мәзірін, тиісті нормасын, дайындау технологиясын сақтай отырып, санитарлық ережеге сәйкес дайындау.
  - 7.4. Асханада жәндіктерге, кене, таракандарға қарсы тазарту жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру;
  - 7.5. Тағамдардың сақталу мерзімі мен азық-түлік өнімдерін сақтау шарттарының орындалуын қамтамасыз ету және қадағалау.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директордың м.а.



Смагулова Р.М

Бұйрықпен таныстым:

Әлеуметтік педагог: Г. Аубакирова

Мед. қызметкер: А.Т. Кабыкеева

Мектеп асханасын жалға алушы: